

**Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы N 181 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 15 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5793 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы 196 қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 196 (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2 және 3-тармақтан қараңыз.**

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына және 49-бабының 3-тармағына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулық бекітілсін (бұдан әрі – **Нұсқаулық**) .

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілетін Нұсқаулықтың 15-тармағының 11) және 12) тармақшаларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Егер осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен соң зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның

зейнетақы активтерінің және меншікті активтерінің есебінен қалыптасқан инвестициялық портфельдерінің құрылымы Нұсқаулықтың 42 және 44-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін жоғарыда көрсетілген инвестициялық портфельдердің құрылымын Нұсқаулықтың 42 және 44-тармақтарының талаптарына сәйкестендіреді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы абзац 01.01.2013 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Нұсқаулықтың 15-тармағының 3) тармақшасының төртінші абзацы 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Нұсқаулықтың 6-1-тарауы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен ((алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

5. Стратегия және талдау департаменті (Н.А. Әбдірахманов):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

6. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Түсіпов) 2010 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде "Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының есеп берулерін қалыптастыруды автоматтандыру" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйені пысықтауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Агенттік Төрайымының қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

*Төрайым*

*Е. Бахмутова*

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының 2009 жылғы 5 тамыздағы  
N 181 қаулысымен бекітілді

## **Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері , оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулық**

«Осы Нұсқаулық «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы Заң) 3-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына және 49-бабының 3-тармағына, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және пруденциалдық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - Ұйым) тиісінше есептіліктің нысандарын және оны ұсыну мерзімдерін белгілейді.

Осы Нұсқаулықта көзделген Ұйымның үлестес тұлғалары бөлігіндегі нормалар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының көрсетілген ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам пайызын тікелей иелену (банктер бойынша – жанама) нәтижесінде Ұйыммен үлестес болып табылатын заңды тұлғаларға және олардың үлестес тұлғаларына қатысты қолданылмайды.

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен ((алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Ұйымның меншікті активтері – Ұйым болашақта экономикалық пайда алуды күтетін және Ұйымның балансында көрсетілетін өткен оқиғалардың нәтижесінде Ұйым бақылайтын ресурстар болып табатын активтер;
- 2) меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті - осы

Нұсқаулыққа сәйкес есептелген Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелген жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - Қор) меншікті капитал жеткіліктілік коэффициентінің қосындысы;

3) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті;

4) зейнетақы активтерінің шартты бірлігі – Қордың зейнетақы активтерінің, Ұйым оларды инвестициялық басқару нәтижесіндегі өзгерістерін сипаттау үшін пайдаланылатын және осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелетін үлестік мөлшері;

5) қор биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдастыру және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

6) «таза» зейнетақы активтері – Қордың, оның зейнетақы активтеріне жататын міндеттемелерді (зейнетақы төлемдері, басқа Қорларға аударымдар жасау бойынша міндеттемелерді және басқа да ұқсас ықтимал міндеттемелерді) шегергендегі зейнетақы активтері.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін "Standard & Poor's" агенттігінің рейтингтік бағаларынан басқа қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органы "Moody's Investors Service" және "Fitch" агенттіктерінің және олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағалары да танылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

3. Тәуекел деңгейі бойынша зейнетақы активтерін мөлшерлеу кезінде, сондай-ақ халықаралық және (немесе) ұлттық шәкіл бойынша рейтингтік бағасы бар болған жағдайда өтімді активтерді анықтау кезінде осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган танитын рейтингтік агенттіктердің біреуінің халықаралық және (немесе) ұлттық шәкілі бойынша барынша жоғарғы рейтингтік бағасы есепке алынады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

4. Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін пайдаланылатын халықаралық қаржы

ұйымдары ретінде мынадай халықаралық қаржы ұйымдары түсіндіріледі:

Халықаралық қайта құру және даму банкі;

Еуропалық қайта құру және даму банкі;

Америкааралық даму банкі;

Халықаралық есеп айырысу банкі;

Азиялық даму банкі;

Африкалық даму банкі;

Халықаралық қаржы корпорациясы;

Ислам даму банкі;

Еуропа инвестициялық банкі.

Еуразиялық даму банкі.

5. Ұйымның меншікті активтерінің есебінен мәмілелер Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5794 тіркелген) қаулысымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесінің 3-тарауында белгіленген тәртіппен жасалады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) қаулысымен.**

6. Пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қаржы құралдарының баланстық құны құнсыздануды ескере отырып, пайдаланылады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 174 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

7. Зейнетақы активтері Ұйымның инвестициялық басқаруына болатын Қордың және осы Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентінің мәні 0,04-тен кем болмайды.

Ұйымның және зейнетақы активтері осы Ұйымның басқаруында болатын, зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметін жүзеге асыруға лицензиясынан айырылған Қордың зейнетақы активтерін және міндеттемелерін қабылдаған Қордың меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің жиынтық мәні оларды тапсырған күннен бастап алты ай ішінде 0,01 кем еместі құрайды. Зейнетақы активтерін және

міндеттемелерін тапсырған күнінен кейін алты ай өткен соң Ұйымның және Қордың меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің жиынтық мәні осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәнді құрайды.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті үтірден кейін үш белгімен көрсетіледі.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 110 Қаулысымен.**

8. Осы Нұсқаулықтың 7-тармағының талаптарын орындау мақсатында Ұйым мен зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болатын Қордың арасында шарт жасалған жағдайда, шарт жазбаша нысанда жасалады және онда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті мәндерінің меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентіне ара қатынасы. Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің мәні жиырмадан кем болмауы тиіс, бірақ меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентінің қырық пайызынан көп болмауы керек;

2) зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті мәндерінің меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентіне ара қатынасы;

3) Ұйымның және зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болатын Қордың меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттері мәндерінің меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентіне ара қатынасын анықтау бөлігінде енгізілетін өзгерістерді қолданысқа енгізу күнін көрсете отырып, шартқа осы өзгерістерді енгізудің кезеңділігі.

9. Ұйым уәкілетті органға меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарттың көшірмесін, шарт жасалған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жібереді.

10. Ұйымның және зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болатын Қордың арасында жасалған меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт жоқ болған жағдайда, Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің мәні меншікті капитал жеткіліктілігі жиынтық коэффициентінің отыз пайызын құрайды.

11. Ұйымның инвестициялық басқаруында бір Қордан артық зейнетақы активтері болған жағдайда меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентін сақтау мақсаттары үшін меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентінің мәні әрбір Қорға қатысты Ұйымның өтімді активтерін, міндеттемелерін және операциялық тәуекелін бөле отырып, осы Қорлардың зейнетақы активтерінің ағымдағы

құнына пропорционалды есептеледі.

Қорлардың бірі  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін бұзған жағдайда әрбір Қор бойынша меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентін есептеу мақсатында Ұйымның міндеттемелерін бөлу Ұйым есепті күнге қалыптастырған, осы Нұсқаулықтың 4-тарауының талаптарына сәйкес есептелетін осы Қордың  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін болашақта өтеу ықтималдығы бойынша міндеттемелері және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резервтері ескерілмей жүзеге асырылады.

$K_2$  номиналды кіріс коэффициентінің бұзылуына жол берген Қор бойынша болашақта  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін өтеу ықтималы бойынша қалыптастырылған міндеттемелер мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв осы қор бойынша Ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициентін есептегенде ескеріледі.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 110 Қ а у л ы с ы м е н .**

12. Ұйымның және зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болатын Қордың меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің жиынтық мәні жиынтығында пайыздық көрсетілімі жүз пайызды құрайды. Ұйым және (немесе) Қор меншікті капитал жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтамаса, Ұйым мен зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болатын Қордың меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициентін орындамауы белгіленеді.

## **2-тарау. "Меншікті капитал жеткіліктілігі"**

### **1-пруденциалдық норматив**

13. Ұйымның меншікті капиталының жеткіліктілігі  $K1$  коэффициентімен с и п а т т а л а д ы .

$K1$  коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K1 = (\Theta A - (M + RR1 \text{ немесе } FR2)) / M3A, \text{ мұнда:}$$

$\Theta A$  – осы Нұсқаулықтың 15 және 17-тармақтарында белгіленген өтімді және б а с қ а да а к т и в т е р ;

$M$  – баланс бойынша міндеттемелер;

$RR1$  – Осы Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес есептелетін, Қордың инвестициялық портфельдерінің алдыңғы есепті кезеңдегі номиналды кірісінің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен консервативті ( $K2.1$ ) он бес және (немесе) қалыпты ( $K2.2$ ) номиналды кіріс коэффициенті отыз

пайыздан артық теріс ауытқыған кезде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв;

FR2 – осы Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес есептелетін, Қордың инвестициялық портфельдерінің номиналды кіріс коэффициенті алдыңғы есепті кезеңдегі номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен консервативті (K2.1) оннан артық, бірақ он бес пайыздан кем және (немесе) қалыпты (K2.2) он бестен артық, бірақ отыз пайыздан кем кері ауытқыған кезде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв;

МЗА – Қордың инвестициялық портфеліндегі тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының құны, Қордың консервативті және қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша жинақталып есептеледі.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап МЗА Қордың консервативті, қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдері бойынша жинақталып есептеледі.

МЗА мына формула бойынша есептеледі:  
$$MZA = K_{кт} + N_t + O_t,$$
 мұнда:

$K_{кт}$  – осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін, инвестициялық портфельде бір жылдан астам болған «өтелгенге дейін ұсталатын» санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздар (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда), «өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын» және «сату үшін қолда бар» санатына жатқызылған, борыштық бағалы қағаздар (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда), депозиттер, тазартылған қымбат металдар, металл депозиттер, «кері репо» операциялары, туынды қаржы құралдары, айырбасталмайтын артықшылықты акциялар бойынша есептелетін кредиттік тәуекел;

$N_t$  – инвестициялық портфельде бір жыл және одан кем уақыт болған, «өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланатын» және «сату үшін қолда бар» санаттарына жатқызылған борыштық бағалы қағаздар, акциялар (кредиттік тәуекел есебіне енгізілген акцияларды қоспағанда), депозитарлық қолхаттар, пайлар және айырбасталатын борыштық бағалы қағаздар бойынша есептелетін нарықтық тәуекел.

Нарықтық тәуекел мына сомаға келтіру коэффициентінің туындысы ретінде есептеледі:

сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

қаржы құралының нарықтық құны өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (қор тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекел;

валюталардың айырбас бағамдарының және қымбат металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (валюталық тәуекелі) бар қаржы



құралдары бойынша тәуекел.

Сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар қаржы құралдары бойынша тәуекелді есептеу ерекше пайыздық тәуекелдің және жалпы пайыздық тәуекелдің сомасын білдіреді.

Ерекше пайыздық тәуекел осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес ерекше пайыздық тәуекел коэффициенті бойынша мөлшерленген сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар біртекті қаржы құралдары (айырбасталатын борыштық бағалы қағаздарды қоспағанда) бойынша есептеледі.

Бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін қаржы құралдары сыйақы ставкасының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі (пайыздық тәуекелі) бар біртекті қаржы құралдары болып танылады:  
бір эмитент шығарған;  
тең мөлшердегі кірістілігі бар;  
нарықтық құны бір валюта түрінде көрсетілген;  
өтелгенге дейінгі бірдей мерзімі бар.

Егер қаржы құралдары көрсетілген бір немесе бірнеше белгіге сәйкес келмесе, онда ерекше пайыздық тәуекел әрбір қаржы құралы бойынша жеке-жеке есептеледі.

Жалпы пайыздық тәуекел мынадай соманы білдіреді:  
осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес уақыт аралықтары бойынша тәуекелдің барлық аймақтарының мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан он пайыз;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 1-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан қырық пайыз;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 2-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан мөлшердің отыз пайызы;

осы Нұсқаулықтың 7-қосымшасына сәйкес 3-аймақтың уақыт аралықтары бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының сомасынан мөлшердің отыз пайызы.

Қаржы құралының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел (қор тәуекелі) қаржы құралы құнының нарықтық тәуекел коэффициентіне көбейтіндісін білдіреді және осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес акциялар (айырбасталмайтын артықшылықты акцияларды қоспағанда), айырбасталатын борыштық бағалы қағаздар, депозиторлық қолхаттар және пайлар бойынша есептеледі.

Валюталардың айырбас бағамдарының және қымбат металдар бағамдарының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел (валюталық тәуекел) шығарылым

талаптары осы бағалы қағаздардың барлық айналыс кезеңінде ұлттық валютада белгіленген бағам бойынша осы құрал бойынша ақша ағынын және 0,04-ке тең валюталық тәуекел коэффициентін белгілеуді көздейтін қаржы құралдарын қоспағанда, шетел валютасында номинирленген, сондай-ақ ол бойынша номинал және (немесе) купондық сыйақысы шетел валюталары, қымбат металдар, шетелдік қолма-қол валюта бағамдарының өзгеруіне индекстелген қаржы құралдары сомасының көбейтіндісін білдіреді.

От – соңғы өткен үш жыл ішінде алынған жылдық жалпы кірістің орташа шамасына келтіру коэффициентінің және 0,04-ке тең операциялық тәуекел коэффициентінің көбейтіндісін білдіретін операциялық тәуекел.

Соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кірістің орташа шамасы әр жыл сайын Қордың таза кіріс алған соңғы өткен үш жыл ішіндегі жылдық жалпы кіріс сомасының Қордың таза кіріс алған жылдарының санына қатынасы ретінде е с е п т е л е д і .

Жылдық жалпы кіріс салық салғанға дейінгі таза жылдық кірістің және Ұйымның К2.1 консервативті және (немесе) К2.2 қалыпты портфельдер бойынша номиналды кіріс коэффициенттерін ықтимал өтеуі бойынша резервтерді қалыптастыруға арналған қаржының көрсетілген резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістерді шегергендегі жылдық мөлшерінің сомасы ретінде анықталады.

Соңғы өткен үш жыл ішінде активтері Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қор таза кіріс алмаған жағдайда операциялық тәуекел е с е п т е л м е й д і .

Жаңадан құрылған Қорлар үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталған соң есептеледі және жылдық жалпы кірістің орташа шамасы өткен жылдар санын негізге ала отырып есептеледі.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

14. Осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көрсетілген сәйкес келтіру коэффициенті 10 - ды құрайды.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

15. Осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасында көзделген көлемдерде Ұйымның мынадай активтері өтімді активтер ретінде танылады:  
1) а қ ш а , о н ы ң і ш і н д е :

Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының бір пайызынан аспайтын к а с с а д а ғ ы а қ ш а ;  
осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының

екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы теңге және Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасы түріндегі ақша;

бағалы қағаздар орталық депозитарийінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасындағы басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша ;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасындағы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы операцияларды жүзеге асыру үшін Ұйымға банктік қызметті ұсынатын басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдардың ағымдағы шоттарындағы ақша ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар ;

3) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар ;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылады ;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары, мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып т а б ы л а д ы ;

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы обзац 01.01.2014 дейін қолданыста болады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-дан «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

5) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа жіберілген мемлекеттік бағалы қағаздарын қоса алғанда);

6) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар;

7) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған б о р ы ш т ы қ б а ғ а л ы қ а ғ а з д а р ;

8) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің

осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары ;

9) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) (бұдан әрі – № 77 қаулы) көзделген қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) немесе екінші (ең жоғарғы) санаттарының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

10) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

11) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, эмитенті № 77 қаулымен көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

12) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы тармақтың 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мына талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар :

қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктер бағасының болуы;  
борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде екі жыл бұрын жүзеге асырылды;  
борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептіліктің халықаралық

стандарттарына (International Financial Reporting Standards – IFRS) (бұдан әрі – ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын стандарттарға (General Accepted Accounting Principles – GAAP) (бұдан әрі – АҚШ ҚЕС) сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін берілді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің соңғы екі жылдың біреуіндегі таза табысы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

лизинг ұйымын және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысындағы сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған уақытта осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің бар болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар жоқ;

13) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы тармақтың 9), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, мына талаптарға сәйкес келетін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары: қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктер бағаларының болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептілікті ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС - ке сәйкес жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті аудиторлық есеппен расталған, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілікті берді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес оның жарғылық капиталынан кем бола алмайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған үш қаржы жылының біреуіндегі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза табысының болуы;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы қаржы жылы үшін сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептіліктің деректері бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды;

14) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесіне ие бағалы қағаздары;

15) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік

агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

16) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

17) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздары;

18) Лондондық бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде осы қауымдастық құжаттарында белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған қымбат металдар және металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-дан кем емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде он екі айдан аспайтын мерзімге салынған металл депозиттері;

19) бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және акционерлері бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі ретіндегі өзге де заңды тұлғалардың акциялары;

20) зейнетақы активтері бойынша комиссиялық сыйақылар мен зейнетақы активтерін инвестициялаудан есептелген инвестициялық кіріс бойынша, шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген дебиторлық берешек.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен ((алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

16. Осы Нұсқаулықтың 15-тармағында көрсетілген өтімді активтер есебіне мыналар енгізілмейді:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздармен (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарды қоса алғанда) «кері репо» мәмілелерін қоспағанда, Ұйымның меншік құқығы шектелген активтері (Ұйымның бағалы қағаздарды, оларды қайта сатып алу немесе кепілге беру шартымен сатуы, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де ауыртпалықтарының болуы);

Ұйымға және (немесе) зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық



басқаруында болған Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалармен шығарылған бағалы қағаздар;

Ұйымның және (немесе) зейнетақы активтері осы Ұйымның басқаруында болған Қордың Ұйымның және (немесе) осы қордың ірі акционерлеріне тиесілі дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушылары және осы сенімгерлікпен басқарушылардың аффилиирленген тұлғалары шығарған бағалы қағаздары;

Ұйымға және (немесе) зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қорға қатынасы бойынша аффилиирленген тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі салымдар.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 № 266 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз), 2010.07.15 № 110 Қаулыларымен.**

17. Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының бес пайызынан аспайтын сомадағы, Ұйымның жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал-жабдықтары басқа активтер ретінде танылады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 № 266 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### **3-тарау. "Зейнетақы активтерінің кірістілігі"**

#### **2-пруденциалдық норматив**

18. Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың зейнетақы активтерінің кірістілігі мына формула бойынша есептелетін  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентімен – Қордың номиналды кірістілік көрсеткішімен сипатталады:

$$K_2(12, 36, 60) = \left( \frac{\bar{C}_t}{C_0} - 1 \right) \times 100, \text{ мұнда:}$$

$\bar{C}_t$  - есепті күнтізбелік айда Ұйымның инвестициялық басқаруында болған, осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес есептелген Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$C_0$  - он екі, отыз алты және алпыс ай бұрын Ұйымның инвестициялық басқаруында болған, осы Нұсқаулықтың 19-тармағына сәйкес

есептелген Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

19. Ұйымның инвестициялық басқаруында қандай да бір айда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны осы айдың әрбір күнтізбелік күнінің соңында осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған, осы Нұсқаулықтың 20-тармағына сәйкес есептелген осы Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа арифметикалық мәні ретінде е с е п т е л е д і .

20. Ұйымның инвестициялық басқаруында қандай да болмасын күннің соңында болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын Ұйым мына формула бойынша есептейді:

$$C_i = \frac{P_i + A_i}{U_i}, \text{ мұнда:}$$

$C_i$  - Ұйымның инвестициялық басқаруында осы күннің соңында болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны;

$P_i$  - Ұйымның инвестициялық басқаруында осы күннің соңында болған, осы Нұсқаулықтың 21-тармағына сәйкес есептелген Қордың "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

$U_i$  - Ұйымның инвестициялық басқаруында осы күннің соңында болған, осы Нұсқаулықтың 22-тармағына сәйкес есептелген Қордың зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

21. Қандай да бір күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықта белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$P_i = P_{(i-1)} + V_i + T_{i1} + T_{i2} + D_i + I_i + P_{i1} + P_{i2} - N_{i1} - N_{i2} - K_{vi}, \text{ мұнда:}$$

$P_{(i-1)}$  - алдындағы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

$V_i$  - осы күні Қорға түскен зейнетақы жарналары;

$T_{i1}$  - осы күні Қордың консервативті инвестициялық портфеліне басқа Қорлардан түскен зейнетақы активтерінің аударымы;

$T_{i2}$  - осы күні Қордың консервативті инвестициялық портфеліне Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен түскен зейнетақы активтерінің аударымы;

$D_i$  - Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтері бойынша осы күні есептелген инвестициялық кірісі;

$I_i$  - Қордың консервативті инвестициялық портфелінің инвестициялық шотындағы ақша қалдығы бойынша осы күні кастодиан банк төлеген сыйақы ( м ү д д е ) ;

Пі1 - зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін Қордың осы күні алған өсімпұлы;

Пі2 - Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерін уақытында инвестицияламағаны үшін Қордың осы күні алған өсімпұлы;

Ні1 - Қордың консервативті инвестициялық портфелінен осы күні есептелген зейнетақы төлемдері, Қордың консервативті инвестициялық портфелінен басқа Қорларға жасалған аударымдар және Қордың консервативті инвестициялық портфелінің инвестициялық шотына қателесіп түскен сомалар бойынша міндеттемелер (Қор және оған қызмет көрсететін кастодиан банк түскен күні қателесіп түскен деп танылған, қаржы құралдарына орналастырылмаған және салымшылардың жеке шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

Ні2 - анықталғанға дейін осы күні есептелген сомалар;

КВі - Қордың және Ұйымның осы күні есептелген комиссиялық сыйақылары.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

21-1. Қандай да бір күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықта белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$ПА_i = ПА_{(i-1)} + V_i + T_i + D_i + I_i + Пi1 + Пi2 - Ni1 - Ni2 - Ni3 - Kvi$ , мұнда:

ПА (i-1) - алдындағы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

$V_i$  - осы күні Қорға түскен зейнетақы жарналары;

$T_i$  - осы күні Қордың қалыпты инвестициялық портфеліне басқа Қорлардан түскен зейнетақы активтерінің аударымы;

$D_i$  - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтері бойынша осы күні есептелген инвестициялық кірісі;

$I_i$  - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің инвестициялық шотындағы ақша қалдығы бойынша осы күні кастодиан банк төлеген сыйақы (мүдде);

Пі1 - зейнетақы жарналарын уақтылы аудармағаны үшін Қордың осы күні алған өсімпұлы;

Пі2 - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерін уақытында инвестицияламағаны үшін Қордың осы күні алған өсімпұлы;

Ні1 - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен осы күні есептелген зейнетақы төлемдері, Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен басқа Қорларға жасалған аударымдар және Қордың қалыпты инвестициялық

портфелінің инвестициялық шотына қателесіп түскен сомалар бойынша міндеттемелер (Қор және оған қызмет көрсететін кастодиан банк түскен күні қателесіп түскен деп танылған, қаржы құралдарына орналастырылмаған және салымшылардың жеке шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

Ні2 - осы күні есептелген Қордың консервативті инвестициялық портфеліне Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен аударымдар;

Ні3 - анықталғанға дейін осы күні есептелген сомалар;

КВі - Қордың және Ұйымның осы күні есептелген комиссиялық сыйақылары.

**Ескерту. 3-тарау 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

22. Қордың консервативті инвестициялық портфелінен күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықтың 23-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$UE_i = UE_{(i-1)} + \frac{V_i + T_{i1} + T_{i2} + P_{i1} - N_{i1} - N_{i2}}{C_{(i-1)}}$$

UE (i-1) - Қордың осы күннің алдындағы күнтізбелік соңғы күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны;

C (i-1) - Қордың консервативті инвестициялық портфелінің осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

22-1. Қордың қалыпты инвестициялық портфелінен күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны мына формула бойынша есептеледі (осы Нұсқаулықтың 23-тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):

$$UE_i = UE_{(i-1)} + \frac{V_i + T_{i1} + P_{i1} - N_{i1} - N_{i2} - N_{i3}}{C_{(i-1)}}$$

UE (i-1) - Қордың осы күннің алдындағы күнтізбелік соңғы күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны;

C (i-1) - Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің осы күннің алдындағы соңғы күнтізбелік күннің соңына Ұйымның инвестициялық басқаруында болған

зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны.

**Ескерту. 3-тарау 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

23. Қордың зейнетақы активтері Ұйымның инвестициялық басқаруына бастапқы түскен кезде (осы Нұсқаулықтың 24-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда) осы Қордың зейнетақы активтері инвестициялық басқаруда болған бірінші күннің соңына  $C_i$ ,  $ПА_i$  және  $УЕ_i$  көрсеткіштерінің есебі мынадай мәндерге сүйене отырып жүзеге асырылады:

$C$  (i - 1) - жүз теңге;

$ПА$  (i-1) - Қордың Ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

$УЕ$  (i-1) - Қордың Ұйым инвестициялық басқаруға қабылдаған "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құнын жүз теңгеге бөлудің нәтижесі.

24. Қордың зейнетақы активтерін бір Ұйымнан екіншісіне инвестициялық басқаруға берген кезде осы Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құнын есептеу үзілмейді және оның зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға қабылдаған Ұйым жүзеге асыруды жалғастыра береді.

25.  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін Ұйым тек зейнетақы активтері осы немесе басқа Ұйымдарда соңғы он екі, отыз алты, алпыс және одан көп ай ішінде инвестициялық басқаруда болған Қорларға ғана қатысты аталған мерзім ішінде е с е п т е й д і .

**Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 110 Қаулысымен.**

26. Ұйымдар ұсынған  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті есептеулерінің негізінде уәкілетті орган ай сайын осы Нұсқаулықтың 27-тармағына сәйкес:

1) осы Нұсқаулықтың 25-тармағының талаптарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін;

2) осы Нұсқаулықтың 25-тармағының талаптарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша соңғы өткен толық күнтізбелік он екі, отыз алты, алпыс айдағы номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициентін;

3) осы Нұсқаулықтың 27-тармағына сәйкес есептелген номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентін есептейді.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

Осы абзац 01.01.2013 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-1. Алынып тасталды - - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті осы немесе басқа Ұйымдарда он екі, отыз алты, алпыс және одан көп ай инвестициялық басқаруда болған «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша ( $K_2$  коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күнтізбелік күніндегі жағдай бойынша) осы Нұсқаулықтың 25-тармағының талаптарына сәйкес келетін барлық Қорлар бойынша бір кезеңдегі  $K_2$  коэффициенттерінің орташа мөлшерленген шамасы ретінде есептеледі.

Түзетілген номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп ай ( $K_2$  коэффициентін есептеу жүзеге асырылған кезеңнің бірінші айының бірінші күнтізбелік күніндегі жағдай бойынша) болған «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша орташа мөлшерленген шама, номиналды кіріс коэффициентінің мәні:

1) осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп ай болған «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша есептелген тиісті кезеңде номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті мәнінің жетпіс пайызынан төмен емес;

2) осы немесе басқа Ұйымдардың инвестициялық басқаруында алпыс және одан да көп ай болған «таза» зейнетақы активтерінің ағымдағы құны бойынша есептелген тиісті кезеңде номиналды кірістің орташа мөлшерленген коэффициенті мәнінің жүз отыз пайызынан аспайтын Қорлар бойынша бір кезеңдегі  $K_2$  коэффициенттерінің шамасы ретінде есептеледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

28. Консервативтік инвестициялық портфель үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең төменгі мәні тиісті кезеңдегі номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен сексен бес пайызды құрайды.

Қалыпты инвестициялық портфель үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең төменгі мәні тиісті кезеңдегі номиналды кірістің түзетілген орташа мөлшерленген коэффициентінің мәнінен жетпіс пайызды құрайды.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Қаулысымен.

29. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті мәнінің есепті жылдан кейін келетін жылғы бірінші қаңтарда қалыптасқан Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнінен кері ауытқыған жағдайында, Ұйым Қорға зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті мен Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәні арасындағы кері айырманы кастодиан банктегі Қордың банктік шотына есептелген тиісті соманы есептеу жолымен мынадай формула бойынша өтейді:

$$S = (C_{\min} - C_t) * Y_{ei}, \text{ мұнда: } C_{\min} > C_t, \text{ мұнда:}$$

$S$  - зейнетақы активтері Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті мәнін өтеу бойынша осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған Қордың алдындағы Ұйымның міндеттемелер сомасы;

$C_{\min}$  – есеп айырысу күніне номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнін орындау үшін зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

$C_t$  – есеп айырысу күнінде Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$  – есеп айырысу күніне Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{\min}$  мәні мына формула бойынша есептеледі:

$$C_{\min} = (K_{cp} * 85\% + 100) / 100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

$K_{cp}$  – есеп айырысуды жасау күніне сәйкес келетін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдерінде бар зейнетақы активтері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

$C_o$  – Қорда есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс ай бұрын болған

Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

29-1. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті мәнінің есепті жылдан кейін келетін жылғы бірінші қаңтарда қалыптасқан Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәні кері ауытқыған жағдайында, Ұйым Қорға зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті мен Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәні арасындағы кері айырманы кастодиан банктегі Қордың банктік шотына есептелген тиісті соманы есептеу жолымен мынадай формула бойынша өтейді:

$$S = (C_{\min} - C_t) * Y_{ei}, \text{ мұнда: } C_{\min} > C_t, \text{ мұнда:}$$

$S$  - зейнетақы активтері Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін өтеу бойынша осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған Қордың алдындағы Ұйымның міндеттемелер сомасы;

$C_{\min}$  - есептеу күніне номиналды кіріс коэффициентінің барынша ең аз мәнін орындау үшін зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

$C_t$  – есеп айырысу күнінде Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$  – есеп айырысу күнінде Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{\min}$  мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{\min} = (K_{cp} * 70\% + 100) / 100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

$K_{cp}$  – есеп айырысу күнінде қалыптасқан Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдерінде бар зейнетақы активтері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

$C_o$  - есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған



Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

**Ескерту. 3-тарау 29-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

30. Осы Нұсқаулықтың 29, 29-1-тармақтарына сәйкес есептелген сома зейнетақы активтері аталған Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың К2 номиналды кіріс коэффициенті мен номиналды кіріс коэффициентінің ең төменгі мәні арасындағы кері айырманы өтеу туралы Қор Ұйымға талап қойған күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде Қордың ш о т ы н а е с е п к е а л ы н а д ы .

Осы тармақтың талабы Ұйым зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы және зейнетақы жарналарын тарту мен зейнетақы төлемдерін төлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бір мезгілде болған жағдайларға қолданылмайды.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

31. Ұйым зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың К2 номиналды кіріс коэффициенті мен номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәні арасындағы кері айырманы өтеу сомасын есептеу күнінен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға кастодиан банктің растамасымен осы соманы есепке алу туралы ақпаратты жібереді.

Осы тармақта және 29, 29-1, 30-тармақтарда белгіленген талаптар зейнетақы активтерін және міндеттемелерді қабылдаған жылдан кейінгі төрт жыл ішінде зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметін атқаратын лицензиядан айырылған Қордың зейнетақы активтерін және міндеттемелерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын Қорға қатысты ұ й ы м ғ а қ о л д а н ы л м а й д ы .

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 235 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

31-1. Зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің құны мен орташа құны, шартты бірліктерінің саны 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Нұсқаулықтың 19 –22-тармақтарына сәйкес Қордың консервативті және (немесе) қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша жеке есептеле бастайды.

**Ескерту. Нұсқаулық 31-1-тармақтармен толықтырылады - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 № 266 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

Осы абзац 01.01.2013 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-2. Алынып тасталды - - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-3. 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың консервативті ( $K_{2,1}$ ) және (немесе) қалыпты ( $K_{2,2}$ ) инвестициялық портфельдері бойынша жеке-жеке есептеледі.

Ескерту. Нұсқаулық 31-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 № 266 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен, жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы абзац 01.01.2013 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-4. Алынып тасталды - - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы абзац 01.01.2013 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-5. Алынып тасталды - - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-6. Зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың жеке консервативті және (немесе) қалыпты инвестициялық портфельдер бойынша  $K_2$  коэффициентінің және портфельдің тиісті түрі бойынша кірістіліктің барынша төмен мәнінің арасындағы теріс айырманы өтеу жөніндегі талаптар жылдың қорытындылары бойынша қолданысқа енгізіле бастайды және

осы Нұсқаулықтың 29–31-тармақтарына сәйкес есептеледі.

Ескерту. Нұсқаулық 31-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 № 266 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы абзац 01.01.2013 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-7. Алынып тасталды - - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **4-тарау. «Зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қор бойынша болашақта номиналды кіріс коэффициентін ықтимал өтеуі бойынша міндеттемелер мен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв» 3-пруденциалдық норматив**

Ескерту. 4-тарау жаңа редакцияда жазылады - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 110 Қаулысымен.

32. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициенті мәнінің есепті кезең үшін Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициенті он бес пайыздан көп кері ауытқыған кезде Ұйымда болашақта зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелінің  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін өтеу ықтималдығы бойынша міндеттемелер (бұдан әрі - Міндеттемелер) туындайды.

Ұйым Міндеттемелер сомасын жыл ішінде «Міндеттемелер» бөлімінде, меншікті қаражат бойынша бухгалтерлік баланста, жыл ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіп бойынша меншікті шығыстар есебінен толық көлемде, тиісті шотта қалыптастырады.

Міндеттемелер сомасымен есеп айырысуды Ұйым мынадай формула бойынша жүзеге асырады:

$S_0 = (C_{\min-1} - C_t) * Y_{ei}$ , кезде  $C_{\min-1} > C_t$  мұнда:

$S_0$  – Міндеттемелер сомасы;

$C_{\min-1}$  – алдындағы есепті кезең үшін Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнін орындау үшін зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

$C_t$  – есеп айырысуды жасау күніне зейнетақы активтері Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$  – есеп айырысуды жасау күніне осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{\min-1}$  мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$C_{\min-1} = (K_{cp-1} * 85\% + 100)/100 * C_0$ , мұнда:

$K_{cp-1}$  – алдындағы есепті кезеңде Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

$C_0$  - есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ұйым қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін резервті зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі үшін  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқу шегіне, осы Нұсқаулықтың 33 және 34 тармақтарына сәйкес осының алдындағы есептілік кезеңі ішінде Қорлардың консервативті инвестициялық портфелі бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәніне қатысты есептейді және қалыптастырады.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін резерв бухгалтерлік баланста, меншікті қаражат бойынша тиісті баланстық шотта, «Меншікті капитал» бөлімінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіп бойынша, есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны) есебінен көрсетіледі.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

33. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша К2 номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқуы кезіндегі есепті кезеңнің алдындағы Қорлардың консервативті инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен он бес пайыздан артық болған кездегі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету резервін (бұдан әрі - К2 он бес пайыздан артық кері ауытқуы кезіндегі резерв) Ұйым мынадай формула бойынша есептейді:

$$RR_1 = R_1 * n / 11, \text{ мұнда:}$$

$RR_1$  - К2 он бес пайыздан артық кері ауытқу кезіндегі резерв;

$R_1$  - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері үшін Ұйымның түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициенті мәнінің тоқсан пайызын орындау үшін қажетті сома;

$n$  – есепті жылғы өткен есеп айырысу айлар саны;

11 - есепті жылғы есеп айырысу айлар саны.

$R_1$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$R_1 = (C_{cp} - C_{min-1}) * Y_{ei}, \text{ мұнда:}$$

$C_{cp}$  - зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында  $R_1$  қамтамасыз ету үшін болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа қажетті құны;

$C_{min-1}$  - алдындағы есепті кезеңде зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері үшін номиналды кіріс коэффициентінің барынша төмен мәнін орындау үшін болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа қажетті құны;

$Y_{ei}$  – Ұйымда есеп айырысу жасалған күнге инвестициялық басқаруда болған Қордың консервативті инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{cp}$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$C_{cp} = (K_{cp-1} * 90\% + 100) / 100 * C_o, \text{ мұнда:}$$

$K_{cp-1}$  - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

$C_o$  – есеп айырысуды жасау күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ұйымға резервтің  $K_2$  консервативті инвестициялық портфелінің Міндеттемелерді қалыптастыру үшін он бес пайыздан артық кері ауытқуы кезінде резерв бөлігін, бірақ осы резерв сомасының жетпіс бес пайызынан аспайтындай бөлігін пайдалануына жол беріледі.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

34. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқуы кезіндегі, есепті кезеңнің алдындағы Қорлардың консервативті инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен он пайыздан артық, бірақ он бес пайыздан аспайтын қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету резервін (бұдан әрі -  $K_2$  он пайыздан артық, бірақ он бес пайыздан аспайтын кері ауытқу кездегі резерв) Ұйым мынадай формула бойынша есеп айырысады:

$FR_2 = R_2 * n / 11$ , мұнда:

$FR_2$  -  $K_2$  консервативті инвестициялық портфелі он пайыздан артық, бірақ он бес пайыздан аспайтын кері ауытқу кездегі резерв;

$R_2$  – Ұйымның алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфелі бойынша келтірілген номиналды кіріс коэффициентінің мәнін орындау үшін қажет сома;

$n$  – есепті жыл ішіндегі өткен есеп айырысу айлар саны;

11 - есепті жыл ішіндегі есеп айырысу айлар саны.

$R_2$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$R_2 = (C_{пр} - C_t) * Y_{ei}$ , мұнда:

$C_{пр}$  - Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша номиналды кіріс коэффициентінің келтірілген мәнін орындау үшін осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтері әрбір жеке Қордың консервативті инвестициялық портфелі бойынша зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

$C_t$  – есеп айырысу жүргізілген күніне осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$  – осы Ұйымда есеп айырысу жүргізген күні инвестициялық басқаруда болған Қордың зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{пр}$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$C_{пр} = (K_{пр} + 100) * C_o / 100, \text{ мұнда:}$$

$K_{пр}$  – алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша номиналды кіріс коэффициентінің келтірілген мәні;

$C_o$  – Қорда есеп айырысу жүргізілген күнінің алдында алпыс ай бұрын болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

$K_{пр}$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{пр} = (0,90 - N/11 * 0,10) * K_{ср-1}, \text{ мұнда:}$$

$N$  – есепті жылдың аяғына дейін қалған күнтізбелік айлар саны;

$11$  – есепті жылдағы есеп айырысу айлар саны.

$K_{ср-1}$  - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні.

Қордың  $K_{пр} > K_2$  кезінде консервативті инвестициялық портфель бойынша Ұйым  $FR_2$  резервіне осы тармаққа сәйкес есеп айырысу жүргізеді және қалыптастырады.

Қордың  $K_{пр} < K_2$  кезінде консервативті инвестициялық портфель бойынша Ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету резерві қалыптаспайды.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

34-1. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентінің есепті кезеңнің алдындағы Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен отыз пайыздан артық кері ауытқыған кезде Ұйымда болашақта зейнетақы активтері осы Ұйымда инвестициялық басқаруда тұрған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентін өтеу мүмкіндігі бойынша міндеттемелер (бұдан әрі – ҚИП Міндеттемелер) туындайды.

Ұйым ҚИП Міндеттемелер сомасын жыл ішінде «Міндеттемелер» бөлімінде, меншікті қаражат бойынша бухгалтерлік баланста Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіп бойынша меншікті шығыстар есебінен толық

көлемде, тиісті шотта қалыптастырады.

ҚИП Міндеттемелер сомасын есептеуді Ұйым мынадай формула бойынша жүзеге асырады:

$S_0 = (C_{\min-1} - C_t) * Y_{ei}$ , мұнда  $C_{\min-1} > C_t$ , мұнда:

$S_0$  – ҚИП Міндеттемелер сомасы;

$C_{\min-1}$  – осының алдындағы есепті кезең үшін Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнін орындау үшін зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

$C_t$  – есеп айырысу жүргізілген күніне Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$  – есеп айырысу жүргізілген күнінде осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{\min-1}$  мәні мынадай формула бойынша есептеледі:

$C_{\min-1} = C_{\min-1} = (K_{cp-1} * 70\% + 100)/100 * C_o$ , мұнда:

$K_{cp-1}$  - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

$C_o$  – есеп айырысуды жүргізу күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ұйым қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін резервті зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқу шегіне қатысты, осы Нұсқаулықтың 34-2 және 34-3 тармақтарына сәйкес алдындағы есепті кезеңі ішінде Қорлардың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәніне қатысты есептейді және қалыптастырады.

Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін резерв бухгалтерлік баланста, меншікті қаражат бойынша тиісті баланстық шотта, «Меншікті капитал» бөлімінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіп бойынша, есепті кезеңнің бөлінбеген пайдасы (жабылмаған шығыны) есебінен көрсетіледі.

**Ескерту. 4-тарау 34-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін**



күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

34-2. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқуы кезіндегі есепті кезеңнің алдындағы Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен отыз пайыздан артық болған кездегі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету резервін (бұдан әрі -  $K_2$  отыз пайыздан артық кері ауытқуы кезіндегі резерв) Ұйым мынадай формула бойынша есептейді:

$RR_1 = R_1 * n / 11$ , мұнда:

$RR_1$  -  $K_2$  отыз пайыздан артық кері ауытқу кезіндегі резерв;

$R_1$  - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың консервативті инвестициялық портфельдері үшін Ұйымның түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициенті мәнінің сексен бес пайызын орындау үшін қажетті сома;

$n$  – есепті жылғы өткен есепті айлар саны;

11 - есепті жылғы есепті айлар саны.

$R_1$  есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$R_1 = (C_{cp} - C_{min-1}) * Y_{ei}$ , мұнда:

$C_{cp}$  - зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында  $R_1$  қамтамасыз ету үшін болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа қажетті құны;

$C_{min-1}$  - зейнетақы активтері алдындағы есепті кезең үшін Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін номиналды кіріс коэффициентінің ең аз мәнін орындау үшін осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

$Y_{ei}$  – Ұйымда есеп айырысу жүргізген күні инвестициялық басқаруда болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелінің зейнетақы активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{cp}$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$C_{cp} = (K_{cp-1} * 85\% + 100) / 100 * C_o$ , мұнда:

$K_{cp-1}$  - алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні;

$C_o$  – есеп айырысуды жүргізу күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған

Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

Ұйымға резервтің  $K_2$  қалыпты инвестициялық портфелінің Міндеттемелерді қалыптастыру үшін отыз пайыздан артық кері ауытқуын, бірақ осы резерв сомасының жетпіс бес пайызынан аспайтындай бөлігін пайдалануына жол беріледі.

**Ескерту. 4-тарау 34-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

34-3. Зейнетақы активтері осы Ұйымының инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентінің кері ауытқуы кезіндегі есепті кезеңнің алдындағы Қордың қалыпты инвестициялық портфелі үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнінен он бес пайыздан артық, бірақ отыз пайыздан аспаған кездегі қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету резервін (бұдан әрі -  $K_2$  он бес пайыздан артық, бірақ отыз пайыздан аспайтын кері ауытқу кездегі резерв) Ұйым мынадай формула бойынша есептейді:

$FR_2 = R_2 * n / 11$ , мұнда:

$FR_2$  -  $K_2$  қалыпты инвестициялық портфелі он бес пайыздан артық, бірақ отыз пайыздан аспайтын кері ауытқу кездегі резерв;

$R_2$  – Ұйымның алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша келтірілген номиналды кіріс коэффициентінің мәнін орындау үшін қажет сома;

$n$  – есепті жыл ішіндегі өткен есепті айлар саны;

11 - есепті жыл ішіндегі есепті айлар саны.

$R_2$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$R_2 = (C_{пр} - C_t) * Y_{ei}$ , мұнда:

$C_{пр}$  - Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша номиналды кіріс коэффициентінің келтірілген мәнін орындау үшін осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған зейнетақы активтері әрбір жеке Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің қажетті орташа құны;

$C_t$  – есеп айырысу жүргізілген күніне осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны;

$Y_{ei}$  – есеп айырысу жүргізілген күніне осы Ұйымда инвестициялық басқаруда болған Қордың қалыпты инвестициялық портфелі бойынша зейнетақы

активтерінің шартты бірліктерінің жалпы саны.

$C_{пр}$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$C_{пр} = (K_{пр} + 100) * C_0 / 100, \text{ мұнда:}$$

$K_{пр}$  – алдындағы есепті кезең үшін Қорлардың қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша номиналды кіріс коэффициентінің келтірілген мәні;

$C_0$  – есеп айырысуды жүргізу күнінің алдында алпыс ай бұрын Қорда болған Қордың зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны.

$K_{пр}$  есеп айырысу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{пр} = (0,85 - N/11 * 0,15) * K_{ср-1}, \text{ мұнда:}$$

$N$  – есепті жылдың аяғына дейін қалған күнтізбелік айлар саны;

$11$  – есепті жылдағы есепті айлар саны.

$K_{ср-1}$  - алдындағы есепті кезең үшін түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәні.

Қордың  $K_{пр} > K_2$  кезінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша Ұйым  $FR_2$  резервіне осы тармаққа сәйкес есептеу жүргізеді және қалыптастырады.

Қордың  $K_{пр} < K_2$  кезінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша Ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету резерві қалыптаспайды.

**Ескерту. 4-тарау 34-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

35. Ұйым қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналаған резервті және Міндеттемелер сомасын әр жылдың ақпан айынан бастап (бірінші наурыздағы жағдай бойынша) есептейді және қажет болған жағдайда қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

Ұйым қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв пен Міндеттемелерді ай сайын әрбір есептеу күніне есептейді.

Бұрын қалыптастырылған Міндеттемелер және (немесе) қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резерв есептеу жүргізу күніндегі Міндеттемелерден және (немесе) қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резервтерден асып кеткен жағдайда Ұйымның Міндеттемелерді және (немесе) қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резервтерді (Міндеттемелердің және (немесе) қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған резервтердің бір бөлігін) қалпына келтіруіне жол беріледі.

Зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қор бойынша  $K_2$  номиналды кіріс коэффициентінің және номиналды кіріс коэффициентінің барынша төменгі мәнінің арасындағы кері айырманы іс жүзінде

өтеген жағдайда Ұйымның бір мезгілде қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналаған резервті шығынға жазуына жол беріледі.

36. Уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында 1 қаңтардағы жағдай бойынша соңғы аяқталған толық алпыс айдағы түзетілген орташа мөлшерленген номиналды кіріс коэффициентінің мәнін жариялау қорытындысы бойынша және активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қор бойынша  $K_{2.}$  номиналды кіріс коэффициенті мен номиналды кіріс коэффициентінің ең төменгі мәнінің арасындағы теріс айырманы нақты өтеу қажет болмаған жағдайда Ұйымның есепті жылдың соңындағы жағдай бойынша қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Міндеттемелердің және резервтің сомасын қалпына келтіруіне жол беріледі.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Қаулысымен.**

36-1. Консервативті және (немесе) қалыпты инвестициялық портфельдері бойынша зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың  $K_{2.1}$  және (немесе)  $K_{2.2}$  номиналды кіріс коэффициентін ықтимал өтеу бойынша резерв 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Нұсқаулықтың 32–36-тармақтарына сәйкес есептеледі.

**Ескерту. 36-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Қаулысымен.**

36-2. Осы тараумен белгіленген талаптар зейнетақы активтерін және міндеттемелерді қабылдаған жылдан кейінгі төрт жыл ішінде зейнетақы жарналарын қамту мен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыратын қызметті атқару үшін лицензиясынан айырылған Қордың зейнетақы активтері мен міндеттемелерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыруға қабылдаған ұйымға қолданылмайды.

**Ескерту. 36-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 110 Қаулысымен, жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**5-тарау. "Инвестициялау лимиттері" 4 пруденциалдық норматив**

37. "Инвестициялау лимиттері" 4 пруденциалдық нормативін есептеуді Ұйым зейнетақы активтері Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке қорға қатысты күн сайын жүзеге асырады.

38. «Инвестициялау лимиттері» 4-пруденциалдық нормативін есептеу кезінде :

1) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің меншікті капиталы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 55-бабының талабына сәйкес жарияланған не қор биржасының немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде анықталады ;

2) бағалы қағаздары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымының меншікті капиталы қор биржасының немесе қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде анықталады ;

3) Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің меншікті капиталы Reuters немесе Bloomberg ақпараттық талдау жүйелерінде, сауда жүйелерінде осы бағалы қағаздар бағамдалатын қор биржасының немесе халықаралық (шетелдік) қор биржасының интернет-ресурсында немесе осы бағалы қағаздар эмитентінің интернет-ресурсында орналастырылған оның соңғы тоқсандық балансы негізінде айқындалады ;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің және екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының дауыс беретін және орналастырылған акцияларының жалпы саны уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында ай сайын орналастырылатын деректердің негізінде анықталады ;

5) пайлары қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының таза активтерінің құны уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында тоқсан сайын орналастырылатын деректердің негізінде анықталады ;

6) «Standard & Poor's principal stability fund ratings» «BBBm-»-тен төмен емес не «Standard & Poor's Fund credit quality ratings» «BBBf-»-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қор активтерінің мөлшері Reuters немесе Bloomberg ақпараттық талдау жүйелерінде, сауда жүйелерінде осы пайлар бағамдалатын қор биржасының немесе халықаралық (шетелдік) қор биржасының интернет-ресурсында немесе осы инвестициялық қордың басқарушы компаниясының интернет-ресурсында орналастырылған деректердің негізінде анықталады ;

7) Ұйымның меншікті активтерінің мөлшері меншікті активтер бойынша Ұйымның күн сайынғы бухгалтерлік балансы деректерінің негізінде анықталады;

8) зейнетақы активтерінің мөлшері зейнетақы активтері бойынша күн сайынғы бухгалтерлік баланс деректерінің негізінде анықталады;

9) борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар мөлшері борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы құны бойынша анықталады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Қаулысымен.**

39. Инвестициялау лимиттерін есептеу барысында:

1) осы Нұсқаулықтың 45, 59-тармақтарымен белгіленген, бір-біріне қатынасы бойынша аффилирленген банктер бір банк есебінде танылады;

2) осы Нұсқаулықтың 49-тармағымен белгіленген, бір-біріне қатынасы бойынша аффилирленген, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері болып табылмайтын эмитенттер Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын бір эмитент ретінде танылады.

Осы тармақтың қолданылуы кредиттік бюролардың қатысушылары (акционерлері) болып табылатын заңды тұлғаларға, сондай-ақ акцияларының (қатысу үлестері) мемлекеттік пакеттері "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына берілген заңды тұлғаларға таралмайды.

40. Осы тараумен белгіленген инвестициялау лимиттері Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның 55-бабының 1-тармағының 1) тармақшасының талаптарын ескере отырып, есептеледі.

41. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Ұйым инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды :

зейнетақы активтері есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан аз, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап, егер Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың зейнетақы активтері жүз отыз миллиард теңгеден асқан жағдайда – осы Қордың зейнетақы активтері көлемінің сегіз пайызынан аз;  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан кем ;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің отыз бес пайызынан кем (қаржылық агенттіктерді және ипотекалық облигацияларды қоспағанда).

**Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы**

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 № 110  
Қ а у л ы с ы м е н .

42. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

43. Ұйымның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған дауыс беретін акциялардың үлесі осы банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының он п а й ы з ы н а н к е м м ә н д і к ұ р а й д ы .

44. Ұйымның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі бір банкі шығарған орналастырылған акциялардың үлесі осы банктің орналастырылған акцияларының жалпы санының он пайызынан кем мәнді кұрайды

45. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі және осы банктің, оның ірі акционерлеріне тиесілі дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушы шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Ұйым инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерді кұрайды:

зейнетақы активтері есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан аз, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап, егер Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың зейнетақы активтері жүз отыз миллиард теңгеден асқан жағдайда – осы Қордың зейнетақы активтері көлемінің сегіз пайызынан аз;  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан к е м .

Егер, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын банктің аффилиирленген тұлғасы – эмитенті, сондай-ақ осы банктің, оның ірі акционерлеріне тиесілі дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушы ипотекалық облигациялардың шығарылымын жүзеге асырған жағдайда, онда осы ипотекалық облигацияларға Ұйым инвестицияларының жиынтық мөлшері осы Нұсқаулықтың 46 және 47-тармақтарымен белгіленген мәндерден аспайды.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.02 N 231 ( колданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз), өзгерту енгізілді - 2010.07.15 N 110  
Қ а у л ы л а р ы м е н .

46. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына

Ұйым инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды:  
зейнетақы активтері есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан аз, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап, егер Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың зейнетақы активтері жүз отыз миллиард теңгеден асқан жағдайда – осы Қордың зейнетақы активтері көлемінің сегіз пайызынан аз;  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан кем ;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем (қаржылық агенттіктерді, ипотекалық облигациялар эмитенттері мен инфрақұрылымдық облигацияларды және мемлекеттің немесе қаржылық агенттіктің кепілдігімен шығарылған облигацияларды қоспағанда).

Ескерту. 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.02 N 231 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз), 2010.07.15 N 110 Қаулыларымен.

47. Ұйымның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының үлесі эмитенттің осы шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының жалпы санының жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды.

48. Ұйымның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы шығарған дауыс беретін акцияларының үлесі осы эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды.

49. Ұйымның Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасының ұйымы және осы ұйымның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын эмитенттермен, сондай-ақ ірі акционерлеріне тиесілі оның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушыларымен шығарылған (берілген) қаржы құралдарына инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерді құрайды:

зейнетақы активтері есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке Қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан аз, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап, егер Ұйымның инвестициялық басқаруында болған Қордың зейнетақы активтері жүз отыз миллиард теңгеден асатын болса – осы



қордың зейнетақы активтері көлемінің сегіз пайызына аз;  
меншікті активтері есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан  
а з .

**Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.07.15 N 110 Қаулысымен .**

50. Ұйымның Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитенті шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды :

зейнетақы активтерінің есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке Қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан кем, 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап, егер Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың зейнетақы активтері бір жүз отыз миллиард теңгеден асатын болса – осы Қордың зейнетақы активтері көлемінің сегіз пайызынан кем;  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан кем ;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – осы эмитенттің немесе егер мөлшері осы эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар шығарылымының толық көлеміне сәйкес келетін, эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары бойынша бас ұйымның кепілдігі бар болса оның бас ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем.

Егер эмитенттің бас ұйымы екінші деңгейдегі банк болса жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен Қордың осы Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитент шығарған (берген) қаржы құралдарына инвестицияларының мөлшері осы екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының отыз бес пайызынан кем болады.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

51. Ұйымның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің бір шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының үлесі эмитенттің осы шығарылымының борыштық бағалы қағаздарының жалпы санының жиырма бес пайызынан кем мәнді құрайды .

52. Ұйымның жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен сатып алған, бір

Қазақстан Республикасының резидент емес эмитенті шығарған акциялар үлесі осы эмитенттің акцияларының жалпы санының он пайызынан кемді құрайды.

52-1. Шетел валютасында номинирленген шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарындағы Ұйым инвестицияларының мөлшері мынадай мәндерді құрайды:

меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің елу пайызынан кем, оның ішінде «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»-тен төмен рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына – меншікті активтердің жалпы мөлшерінің он п а й ы з ы н а н к е м ;

зейнетақы активтері есебінен – зейнетақы активтері мөлшерінің елу пайызынан кем, оның ішінде «Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB»-тен төмен рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына – зейнетақы активтерінің жалпы мөлшерінің о н п а й ы з ы н а н к е м .

**Ескерту. 52-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.02 N 231 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізілді) Қаулысымен, жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

52-2. Ұйымның (Қордың) үлестес тұлғалары, Ұйымның (Қордың) ірі акционерлеріне тиесілі Ұйымның (Қордың) дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушылары шығарған (берген) қаржы құралдарына Ұйым инвестицияларының жиынтық мөлшері зейнетақы активтері есебінен Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке Қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан кем болады. Бұл ретте екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын Ұйымның (Қордың) үлестес тұлғалары шығарған (берген) қаржы құралдарына Ұйымның инвестицияларының мөлшері зейнетақы активтері есебінен Ұйымның инвестициялық басқаруындағы әрбір жеке Қордың зейнетақы активтері көлемінің бес пайызынан кем болады.

**Ескерту. 52-2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 374 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

53. Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген басқарушы компаниясы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын аралық инвестициялық пай қорының пайларына Ұйым инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды:  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан

к е м ;

жиынтығында меншікті және зейнетақы активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – осы аралық инвестициялық пай қорының таза активтерінің он пайызынан кем.

54. Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылатын бір басқарушы компанияның басқаруындағы аралық инвестициялық пай қорының пайларына және осы басқарушы компания шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Ұйым инвестицияларының жиынтық мөлшері мына мәндерді құрайды:

зейнетақы активтерінің есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтерінің көлемінің он пайызынан кем;  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан

к е м .

55. "BBBm"-тен төмен емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" не "BBBf"-тен төмен емес "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық пай қорына Ұйым инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды:

меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан

к е м ;

жиынтығында меншікті және зейнетақы активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – осы инвестициялық қордың активтерінің он пайызынан кем.

56. Бір басқарушы компанияның басқаруындағы "BBBm"-тен төмен емес "Standard & Poor's principal stability fund ratings" не "BBBf"-тен төмен емес "Standard & Poor's Fund credit quality ratings" халықаралық рейтингтік бағасы бар инвестициялық қорлардың пайларына және осы басқарушы компания шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Ұйым инвестицияларының жиынтық мөлшері мына мәндерді құрайды:

зейнетақы активтерінің есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтерінің көлемінің он пайызынан кем;  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан

к е м .

57. Бір шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған (ұсынған) мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға Ұйым инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды:

зейнетақы активтерінің есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтерінің көлемінің он пайызынан кем;  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан

к е м .

58. Бір халықаралық қаржы ұйымы шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Ұйым инвестицияларының мөлшері мынадай мәндерді құрайды:  
зейнетақы активтерінің есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің он пайызынан кем;  
меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтерінің он пайызынан кем.

59. Ұйым кассасындағы күннің соңындағы ақша қалдығының мөлшері Ұйымның меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

Қазақстан Республикасының бір екінші деңгейіндегі банкіндегі Ұйымның ағымдағы шоттарындағы ақшаның барынша көп қалдығы Ұйымның меншікті активтері мөлшерінің он пайызынан кем мәнді құрайды.

60. Тазартылған қымбат металдарға және металл депозиттеріне Ұйым инвестицияларының жиынтық мөлшері мынадай мәндерді құрайды:  
зейнетақы активтерінің есебінен – Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір жеке қордың зейнетақы активтері көлемінің жиырма пайызынан кем ;

меншікті активтер есебінен – Ұйымның меншікті активтері көлемінің он пайызынан кем.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

61. Осы тараумен белгіленген инвестициялау лимиттері Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздарға таралмайды.

62. Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банкінің, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымының және Қазақстан Республикасының резидент емес эмитентінің меншікті капиталы төмендеген жағдайда, осы Нұсқаулықтың 41, 46 және 50-тармақтарына сәйкес есептелген мәндер сәйкес келмеген жағдайда, Ұйым уәкілетті органға осы сәйкес келмеу фактісі мен себептері туралы бір жұмыс күні ішінде жоғарыда көрсетілген оқиға басталған күннен бастап төрт ай ішінде оны жою бойынша іс-шаралар жоспарын қоса беріп, хабарлайды.

63. Ұйымға қатыссыз себептер нәтижесінде осы Нұсқаулықтың 43, 44, 48 және 52-тармақтарына сәйкес есептелген мәндер сәйкес келмеген жағдайда, Ұйым уәкілетті органға осы сәйкес келмеу фактісі мен себептері туралы бір жұмыс күні ішінде жоғарыда көрсетілген оқиға басталған күннен бастап екі ай ішінде оны жою бойынша іс-шаралар жоспарын қоса беріп, хабарлайды.

63-1. Қордың зейнетақы активтерінің есебінен инвестициялардың жиынтық

мөлшері осы тарауда белгіленген инвестициялардың мөлшерінен аспайды.

Ескерту. Нұсқаулық 63-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 № 266 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

**6-тарау. Зейнетақы активтерінің құнсыздануынан немесе құнының төмендеуінен ықтимал шығындарды жабуға резервтерді (провизияларды) қалыптастыру**

Ескерту. 6-тармаудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 174 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

64. Ұйым ай сайын осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың зейнетақы активтерінің құнсыздануына (құнының төмендеуіне) тест жүргізеді және эмитент қаржы құралдары бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамағандығының салдарынан құнын жоғалту кезінде зейнетақы активтерінің құнсыздануына (арзандатылуына) байланысты ықтимал шығындарға қарсы резервтерді (провизияларды) қалыптастырады (құнының теріс түзетуін жүзеге асырады).

Ескерту. 64-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 174 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

65. Құнсыздануына тест жүргізуге Қордың осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы, "өтелгенге дейін ұсталатын" және "сату үшін қолда бар" санаттарына жатқызылған зейнетақы активтері жатады. Белсенді нарығы жоқ, "Өзгерістері пайда немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын" санатына жатқызылған активтер бойынша эмитенттің дефолты не делистингі және (немесе) банкроттығы жарияланған және (немесе) соңғы жарияланған тоқсандық (жылдық) бухгалтерлік баланстың негізінде теріс меншікті капиталдың және (немесе) эмитенттің өзге қаржы құралдары бойынша міндеттемесін орындамау фактісінің болуы жағдайында құнын төмендету жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздардың құнсыздануы және құнын төмендетуі Қормен Ұйымның келісуі бойынша әзірленген әдістемеге (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 174 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

66. Бағалы қағаздардың құнсыздануына тестімен құнсыздануды танудың мынадай критерийлері:

- 1) эмитенттің қаржылық жай-күйі;
  - 2) төлемдердің кез келгенін өтеу кезіндегі мерзімді өткізіп алу;
  - 3) кепілдіктің болуы;
  - 4) белсенді нарықтың болуы;
  - 5) рейтингтің болуы;
- б) бағалы қағаздардың құнсыздануын куәландыратын өзге объективті ақпарат анықталады.

Акциялардың құнсыздану тестілері кезінде акциялардың құнын төмендету кезінде осы тармақтың 1), 4), 5) және б) тармақшаларында көрсетілген критерийлер қолданылады.

Борыштық бағалы қағаздарды құнсыздану тестісі кезінде осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген критерийлер қолданылмайды.

Әрбір критерий бойынша осы Нұсқаулықтың 10-қосымшасына сәйкес балл беріледі. Балл сомасы бағалы қағаздардың жіктеу санатын анықтау кезінде пайдаланылады. Актив бойынша жиналған баллдардың санын негізге алып, осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес оның жіктеу санаты және қажетті резервтердің (провизиялардың) мөлшері белгіленеді.

**Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

67. Эмитенттің қаржылық ахуалы Қордың осы Нұсқаулықтың талаптарын ескеріп, Ұйымның келісімі бойынша әзірлейтін Әдістемесіне сәйкес бағаланады және оған қаржылық ахуалға баға берудің тәртібін, әдісін, тәсілдерін, қажетті құжаттардың тізбесін және эмитенттің қаржылық ахуалын анықтауға мүмкіндік беретін өзге қолайлы ақпаратты енгізеді. Әдістемені Қордың және Ұйымның басқару органы бекітеді.

Әдістемеде эмитенттің қаржылық ахуалын сипаттайтын мынадай негізгі көрсеткіштер болуы тиіс:

1) төлем қабілеттілігі - Әдістеменің белгіленген коэффициенттердің тиісті жиынтығын негізге алып есептелетін, өз міндеттемелеріне қызмет жасаудағы эмитенттің қабілеттілігін ашады;

2) қаржылық тұрақтылық - Әдістемеде белгіленген коэффициенттердің тиісті жиынтығын негізге алып есептелетін, капитал құрылымын, кірістілік деңгейін (соңғы күнтізбелік жылдағы динамикасы бойынша), тиімділікті (динамикасындағы) ашады;

3) эмитенттің өз қаржылық ахуалын жақсарту үшін қабылдаған шаралары.

Қаржылық ахуал былайша жіктеледі:

1) тұрақты - эмитенттің қаржылық ахуалы тұрақты:  
эмитент төлемге қабілетті;  
Әдістемеге сәйкес есептелген коэффициенттердің мәні жалпы қабылданған  
н о р м а л а р ш е г і н д е ;

бизнесті дамытудың оң нарықтық талаптары, сондай-ақ нарықта жақсы  
бәсекелестік позицияны иемденеді;  
ресурстарға және капитал нарығына еркін ену мүмкіндігі бар, бағалы  
қағаздарды шығару мерзімі аралығында эмитенттің қаржылық ахуалын елеулі  
төмендетуге қабілетті сыртқы немесе ішкі факторлар анықталмаған;  
эмитенттің өз міндеттемесі бойынша есептесу мүмкіндігі күмән туғызбайды;  
эмитенттің активтері және міндеттемелері бойынша мерзімдерін салыстыруға  
к е л е д і ;

2) қанағаттанарлық – осы санаттағы эмитенттің қаржылық ахуалы "тұрақты"  
сипаттамасына жақын, бірақ оның осы деңгейді ұзақ уақыт бойы ұстап тұруы  
жөнінде болжам жасау төмен болып табылады;

3) тұрақсыз – эмитенттің мынадай факторларға байланысты өзінің  
міндеттемелері бойынша есептесе алмайтындығы жөнінде белгілі бір болжам бар  
:

эмитенттің қаржылық ахуалының тұрақты және елеулі түрде нашарлау  
белгілері бар (эмитенттің қолданып отырған шараларының қаржылық ахуалды  
тиімді тұрақтандыра алатындығына сенім жоқ);

эмитентке материалдық зиян әкеліп отырған төтенше жағдайлар, сондай-ақ  
өзге де жағдайлар бар, бірақ ол оның қызметін тоқтатуға душар етіп отырған жоқ  
;

4) сыни сәт - эмитенттің қаржылық ахуалының тұрақты төмендеуі сыни  
д е н г е й г е д у ш а р б о л д ы :

төлем қабілетсіздігі, эмитенттің банкрот болу мүмкіндігі немесе өзге қайта  
ұ й ы м д а с т ы р ы л у м ү м к і н д і г і ;

шарт талаптарының бұзылуы (пайыздардың немесе борыштың негізгі  
сомасының төленбеуі немесе төлем жасау мерзімдерінің бұзылуы);  
қағазды ұстаушының басқаша жағдайда жасалмауы мүмкін мүмкіндікті  
э м и т е н т к е ж а с а у ы ;

эмитентте оған материалдық зиян әкеліп отырған және (немесе) оның  
қызметін жалғастыруына мүмкіндік бермейтін төтенше жағдайлар бар.

68. Ашық сауданы тоқтату нәтижесінде қаржы құралы үшін белсенді  
нарықтың жоғалуы құнсыздануды растау болып табылмайды. Эмитенттің  
кредиттік рейтингінің төмендеуі өзінен-өзі құнсыздануды растау болып  
табылмайды. Қаржы құралының әділ құнының нақты шығындардан немесе тозу  
құнынан әрі төмендеуі міндетті түрде құнсыздануды растау болып табылады.

Жоғарыда аталған жағдайлардың бәрін жиынтықты түрде басқа қол жетімді деректермен бірге алып қарау қажет.

6 9 . < \* >

**Ескерту. 69-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 174 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

70. Ұйым бухгалтерлік есептерде осы Нұсқаулықтың 10 және 11 қосымшаларына сәйкес есептелген резервті (құнды түзету) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы активтерімен операциялардың бухгалтерлік есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2011 жылғы 1 шілдедегі № 69 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7118 тіркелген), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының «Инвестициялық портфельді басқаруды немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулыларымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 тіркелген) белгіленген тәртіпте ескереді.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

71. Бағалы қағаздардың құнсыздануынан немесе бағалы қағаздардың құнын төмендетуді жүзеге асырудан ықтимал жоғалтуларға қарсы резервтерді (провизияларды) қалыптастыру осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасына сәйкес ең төменгі мөлшерде жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда Ұйым осы Нұсқаулықтың 11-қосымшасында белгіленген ең төменгі мөлшерден асатын мөлшерде бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығындарға қарсы резервтер (провизиялар) құрады немесе бағалы қағаздардың құнын төмендетеді. Ұйым бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығындарға қарсы резервтерді (провизияларды) қалыптастыруды немесе бағалы қағаздардың құнын төмендетуді айдың соңғы жұмыс күнінен ең көп дегенде жеті жұмыс күн бұрын жүргізеді.

**Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.11.29 № 174 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.**

72. Бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығындарға қарсы резервтердің (провизиялардың) мөлшері немесе бағалы қағаздардың құнын төмендетудің мөлшері бұрын қалыптастырылған, осы бағалы қағаздардың құнсыздануынан ықтимал шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар





агрессивті инвестициялық портфеліне бастапқы келіп түскен күнінен зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы осы Қордың консервативті немесе қалыпты инвестициялық портфеліне не басқа қорға аударым жасауды нақты жүзге асыру күніне дейінгі аралықтағы кезең;

$S_t$  – зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының бастапқы келіп түскен кездегі, сондай-ақ инфляция деңгейін ескергенде осы салымшылардың (алушылардың) агрессивті инвестициялық портфельде болған кезеңде келіп түскен жарналары сомасының және агрессивті инвестициялық портфельден зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы осы Қордың консервативті немесе қалыпты инвестициялық портфеліне не басқа қорға аударым жасауды жүзеге асыру күнінде осы салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты сомасының арасындағы айырманы нақты өтеу сомасы;

$PA_t$  – зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының бастапқы келіп түскен күнінің және зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы осы Қордың консервативті немесе қалыпты инвестициялық портфеліне не басқа қорға аударым жасауды нақты жүзеге асыру күніне дейінгі аралықтағы кезеңдегі салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты;

$PA_1$  – салымшылардың (алушылардың) зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне бастапқы келіп түскен сәтіндегі жинақталған зейнетақы қаражаты;

$S_t$  – зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне жарналардың бастапқы келіп түскен сәтінен бастап және зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы осы Қордың консервативті немесе қалыпты инвестициялық портфеліне не басқа қорға аударым жасауды нақты жүзеге асыру күніне дейінгі кезеңде инфляцияның жинақталған деңгейін ескергенде салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы жарналарының сомасы:

$$S_t = e S_n \quad n = 2, 3, \dots, t \text{ болған кезде, мұнда}$$

$$S_n = (S_{n-1} * I_n + P_n), \text{ мұнда}$$

$n$  – есепті ай (есепті айдың соңғы жұмыс күнінің соңына қарай);  
 $S_n$  – зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы

Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне бастапқы келіп түскен күннен бастап және есепті айдың соңына дейін  $n$  айда инфляцияның жинақталған деңгейін ескергенде салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы жарналарының сомасы;

$S_{n-1}$  – зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы

Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне бастапқы келіп түскен күннен бастап және есепті айдың соңына дейін өткен  $n-1$  айда инфляцияның жинақталған деңгейін ескергенде салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы жарналарының сомасы (есепті айдың соңғы жұмыс күнінің соңына қарай);

$I_n$  –  $n$  айда пайыздардағы инфляция;

$P_n$  –  $n$  айда міндетті зейнетақы жарналарының келіп түсуі.

Бірінші айда салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналарының зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне келіп түсуі:

$$S_1 = P_1$$

Зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының бастапқы келіп түскен кездегі, сондай-ақ инфляция деңгейін ескергенде осы салымшылардың (алушылардың) агрессивті инвестициялық портфельде болған кезеңде келіп түскен жарналары сомасының және агрессивті инвестициялық портфельден зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы осы Қордың консервативті немесе қалыпты инвестициялық портфеліне не басқа қорға аударым жасауды жүзеге асыру күнінде осы салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты сомасының арасындағы айырманы ықтимал өтеудің орнын толтыру үшін Ұйым мынадай формула бойынша есептелетін 100 (жүз) пайыз мөлшерінде резервті қалыптастырады:

егер:  $PA_n < (PA_1 + S_n),$

онда:  $Ar_n = (PA_1 + S_n) - PA_n,$  мұнда

$Ar_n$  –  $n$  айдағы бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы;

$PA_n$  – зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруындағы

Қордың агрессивті инвестициялық портфеліне салымшылар (алушылар) жарналарының бастапқы келіп түскен күнінен бастап және есепті айдың соңына дейін өткен  $n$  айдағы салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты (есепті айдың соңғы жұмыс күнінің соңына қарай).

72-2. Ұйым резервті ай сайын есепті айдың соңғы жұмыс күнінің соңына е с е п т е й д і .

72-3. Бұдан бұрын қалыптастырылған резервтің сомасы ағымдағы сәтте қалыптастыруға қажетті резервтің сомасынан асқан жағдайда Ұйымның резервті (резервтің бөлігін) қалпына келтіруіне жол беріледі.

## **7-тарау. Пруденциалдық нормативтердің есебін және пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтерді ұсыну тәртібі**

73. Ұйым әрбір жұмыс күні осының алдындағы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша, сондай-ақ тікелей ағымдағы жұмыс күнінің алдындағы әрбір демалыс күндерінің соңына мыналарды:

1)  $K_1$  коэффициентінің мәнін;

2) жүзеге асырылған инвестициялардың 4-пруденциалдық нормативке сәйкестігін е с е п т е й д і .

Ұйым ай сайын, есепті айдың соңғы жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша  $K_2$  коэффициентінің мәндеріне есептеулер жүргізеді.

74. Ұйым осы Нұсқаулықтың 1, 2, 6, 7, 8 және 9-қосымшаларына сәйкес  $K_1$  коэффициенті мәнінің есеп айырысуларын, 12, 13-қосымшаларға сәйкес  $K_2$  коэффициенті мәнінің есептерін және осы Нұсқаулықтың 14-қосымшасына сәйкес пруденциалдық нормативтермен есеп айырысуға арналған қосымша мәліметтерді уәкілетті органға ай сайын есепті айдан кейінгі айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 18-00-ден кешіктірмей осы Нұсқаулық қосымшаларының мынадай нысандары бойынша береді:

қағаз тасымалдауышта - осы Нұсқаулықтың 9 (1-кесте, егер Ұйым бір Қордың зейнетақы активтерін басқаратын болса, немесе 2-кесте, егер Ұйым екі және одан көп Қордың зейнетақы активтерін басқаратын болса), 12, 13-қосымшалары ;

электрондық тасымалдауышта - осы Нұсқаулықтың 1, 2 (2-кесте), 6, 7 (1, 2-кестелер), 8, 9, 12, 13, 14-қосымшалары.

Ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша консервативті инвестициялық портфельдің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама өткен ай бойынша осы Нұсқаулықтың 12-қосымшасындағы нысанға с ә й к е с ұ с ы н ы л а д ы .

Ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша қалыпты инвестициялық портфельдің зейнетақы активтерінің бір шартты бірлігінің орташа құны туралы анықтама өткен ай бойынша осы Нұсқаулықтың 12-1- қосымшасындағы нысанға сәйкес

ұ с ы н ы л а д ы .

Номиналды кіріс коэффициенттері туралы мәліметтер ағымдағы айдың басында зейнетақы активтері осы Ұйымның инвестициялық басқаруында болған әрбір қор бойынша осы Нұсқаулықтың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұ с ы н ы л а д ы .

Есеп айырысулардағы деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі. Оларды жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан асатын сома мың теңгеге дейін д ө ण г е л е к т е н е д і .

**Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

75. Қағаз тасымалдағыштағы  $K_1$   $K_2$  коэффициенті мәнінің есебіне және пруденциалдық нормативтерді есептеуге арналған қосымша мәліметтерге есепті күнге жағдай бойынша Ұйымның бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға), бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырылады және уәкілетті органға ұсынылады, сондай-ақ Ұйымда сақталады.

Ұйым уәкілетті органның талап етуі бойынша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күннен кешіктірмей есептілікті қағаз тасымалдағышта ұсынады.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 ( мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

76. Пруденциалдық нормативтердің есебіне арналған қосымша мәліметтер және есептеулер электрондық жеткізушіде ұсынылатын деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпараттың жеткізілуіне кепілдік беретін көлік жүйесін п а й д а л а н у м е н ұ с ы н ы л а д ы .

77. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін Ұйымның бірінші басшысы (ол жоқ болған кезеңде – оның орнындағы тұлға) және бас бухгалтер қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 ( мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

78. Есептілікке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігіне байланысты, Ұйым есептілікті ұсынған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде

уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып жазбаша өтініш ұсынады.

Ұйым ұсынған есептілікте толық емес және (немесе) шынайы емес ақпаратты анықтаған кезде уәкілетті орган ол жайында Ұйымға хабарлайды. Ұйым уәкілетті орган хабарлаған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып пысықталған есептілікті ұсынады.

Ұйымның осы Нұсқаулықтың 4-тарауында белгіленген талаптарды орындамауы пруденциалдық нормативтерді орындамауы болып танылады.

**Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 131 ( мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Ұйымның осы Нұсқаулықтың 4-тарауымен белгіленген талаптарды орындамауы пруденциалдық нормативті орындамау болып табылады.

**Ескерту. 78-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 № 266 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.**

79. Ұйым бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырған жағдайда, пруденциалдық нормативтерді есептеу тәртібі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 26 қыркүйектегі № 215 ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5810 тіркелген ) қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесіне с ә й к е с а н ы қ т а л а д ы .

**Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.12.29 № 266 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Қаулысымен.**

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықтың 1-қосымшасы

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.02 N 231 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз), 2009.12.29 № 266 (қолданысқа**

енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз), 2010.07.15 № 110, 2010.09.03 N 131 (мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2011.12.26 № 221 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.01.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады), 2012.05.25 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 24.12.2012 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

ҰЙЫМНЫҢ АТАУЫ

200\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

**КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ**

(МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

р/с N	Баптардың атауы	Сомасы	Пайыздардағы тәуекел деңгейі	Есеп айырысу сомасы
<b>I топ</b>				
1.	Қазақстан Республикасы кастодиан банкінің инвестициялық шотындағы және төлем шотындағы қалдық		0	
2.	Жол үстіндегі ақша		0	
3.	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа шығарылғандарын қосқанда) мемлекеттік бағалы қағаздар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметінің кепілдігімен шығарылған бағалы қағаздар		0	
4.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	
4-1	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданған ұйымымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар		0	
5.	"Кері репо" операциялары		0	
6.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар		0	

7.	«Standard & Poog's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар		0	
8.	«Standard & Poog's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар		0	
9.	Лондон қымбат металдар нарығы қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандартына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында "Лондондық сапалы жеткізілім" ("London good delivery") стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдар, оның ішінде "Standard & Poog's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "АА-"-дан төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі 12 айдан аспайтын мерзімі бар металл депозиттер		0	
<b>II топ</b>				
10.	Алып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.			
11.	Алып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2012.07.27 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.			
12.	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар		20	
13.	«Standard & Poog's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе «Standard & Poog's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		10	
	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес ұзақ			



13-1	мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары	10	
14.	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктеріндегі салымдары	10	
14-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктерінің банктік депозиттік сертификаттары	10	
15.	«Standard & Poog's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары	10	
16.	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдарының, екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас деңгейде рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялар	10	
	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа		

16-1	рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар екінші деңгейдегі банктер шығарған борыштық бағалы қағаздар	10	
17.	"Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "AA-"-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар ұйымдардың : - айналыс мерзімі үш жылдан аспайтын; - principal protected notes шығарылымының талаптарында қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген деген сияқты талаптарына сәйкес шығарған Principal protected notes	20	
18.	Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, эмитенті № 77 қаулыда көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін, мөлшері инфрақұрылымдық облигациялар шығарылымының толық көлеміне сәйкес келетін, мемлекет кепілдемесі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының инфрақұрылымдық облигациялары (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)	20	
<b>III топ</b>			
19.	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар ( қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)	25	
20.	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар	25	
	«Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейін		

21.	ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе «Standard & Poog's» агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан «kzBBB»-ге дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	25		
21-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен бастап «BBB»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-тен бастап «kzBBB»-ға дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары	25		
22.	«Standard & Poog's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A+»-тен «A»-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің резидент еншілес банктеріндегі салымдар	25		
22-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A+»-тен «A»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктерінің банктік депозиттік сертификаттары	25		
23.	«Standard & Poog's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A+»-тен «A»-ке дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар шетел ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары	25		
	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе			

24.	<p>басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары</p>		25	
24-1	<p>Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар</p>		25	
25.	<p>"Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар</p>		50	
25-1	<p>Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар</p>		50	
26.	<p>"Standard &amp; Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "A+"-тен "A-" дейінгі рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар ұйымдардың :</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- айналыс мерзімі үш жылдан аспайтын;</li> <li>- principal protected notes шығарылымының талаптарында қандай да бір мемлекеттің, эмитенттің міндеттемелері бойынша дефолт жағдайы көзделмеген деген сияқты талаптарға сәйкес шығарған Principal protected notes</li> </ul>		50	
IV топ				

27.	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBBB»-тен «kzBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	75		
27-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B-»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар	75		
27-2	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің банктік депозиттік сертификаттар	75		
